

Еркін экономикалық аймақтарды қалыптастырудың теориялық алғышарттары мен практикалық шарттары

Кіріспе

Еркін (арнайы) экономикалық аймақтардың (АЭА) қалыптасуы мен жұмыс істеуі туралы зерттеу көрсеткендей, олардың барлық түрлеріне (арнайы экономикалық аймақтарды қоса алғанда) іс жүзінде ұйымның бірдей экономикалық мақсаттары тән (ұлттық және шетелдік инвестицияларды тарту, халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын пайдалану, валюталық түсімдер, жоғары технологиялар). ЕЭА құрудың жалпы алғышарттары – тиімді географиялық орналасуы мен дамыған инфрақұрылымның болуы және т.б. Бұдан не ұғамыз? Мұндай экономикалық аймақтар – сауда, қаржылық, өндірістік, технологиялық байланыстардың өте жоғары концентрациясы. Олар нарықтық қатынастардың, кәсіпкерліктің жоғары даму деңгейінің ошағы, технологиялар мен басқару механизмінің жетілдіру орны болып табылады.

Бұл жергілікті құрылымдар коммерциялық орталықтардың бір түрі бола отырып, әлемдік экономиканың маңызды факторы болып табылады, сыртқы сауданы, жаһандық сауда айналымын ынталандырады, сондай-ақ жаңа технологиялық өнертабыстар мен инвестициялық капитал салады. Мұның барлығы мемлекеттерге экономикасының дамуына жаңа қарқын беретін жаңа өсу нүктелерін қалыптастырады.

Қазіргі таңда Қазақстан үшін мұндай жерігілікті экономикалық нысандардың тек құрылуының ғана емес, ары қарайғы дамуын жүзеге асыру механизмін жасау маңызды болып табылады. Қазақстан аумағында ЕЭА, көбіне еркін және арнайы экономикалық аймақтар құру мен оларды дамыту тенденциясы қарқынды даму емес, ілгерінді даму сатысында.

Аталмыш процесті дамыту қажеттілігі Қазақстанның аумақтық, сондай-ақ тұтастай дамуымен байланысты. Қазіргі жағдайға сипаттама бере отырып, мемлекеттің айтарлықтай көмегінсіз, даму тактикасын қалыптастыру және дамыту, олардың қызмет ету басымдықтары мен бағдарларын анықтау процесі көптеген экономикалық өсу үшін қажетті жобаларды іске асырылуымен тастап, ұзаққа созылуы мүмкін.

Негізгі бөлім

Бажсыз режим ендіру арқасында, сондай-ақ басқа да экономикалық және ұйымдастырушылық құралдар мен реттеуіштер көмегімен шетелдік инвестицияларды тарта отырып, сыртқы экономикалық қызметті ынталандыратын ЕЭА түсіндірмесі қазіргі таңда ең қолайлы болып отыр. ЕЭА тұжырымдамасы ертеректен қолданыста, сонымен бірге қазіргі заманғы өркениеттің жаңа мазмұнымен өзінің практикалық қызметін байытады. Американдық ғалымдар М. Фразье мен Р. Рэн «еркін экономикалық аймақтар, экономикалық даму саласындағы адамзаттың ең көне және бір мезгілде жаңа идеясы», - деп есептейді [1].

ЕЭА-ның ғылыми анықтамасы экономикалық әлеуеті белгілі бір мәселені (немесе міндеттер кешенін) шешуге бағытталған ұлттық аумақтың бір бөлігі ретінде тұжырымдалған. Бұл елдің қарастырылған бөлігін жалпы қатардан бөліп көрсетеді. Сонымен бірге, ЕЭА аумағында кәсіпкерлік қызмет бүкіл елде өндіруші күштерді оңтайлы бөлу проблемаларын шешуге, сондай-ақ еліміздің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуына бағытталуы тиіс.

Көптеген ресейлік экономистер ЕЭА-ға арналған зерттеулерде «арнайы экономикалық аймақтар» терминін пайдаланады және мұндай аймақтар – шағын аумақтық құрылымдар деген анықтама береді [2].

«Еркін экономикалық аймақтар» (ЕЭА) терминологиясының пайда болуын 20 ғасырдың соңғы ширегімен байланыстырады. 1970 жылғы 1 қаңтарда Оңтүстік Корея алғашқылардың бірі болып еркін экономикалық аймақ құру туралы заң қабылдады. Елге экспортты ынталандыру, жұмыспен қамтуды ұлғайту, өнеркәсіптік технологияларды жетілдіру және сайып келгенде, елдің экономикалық дамуын жеделдету үшін шетелдік инвестициялар қажет болды. ЕЭА Оңтүстік Кореяның жағалау аймақтарында құрылды. Мүмкін реформалардың осы жаңа қадамы елге «экономикалық ғажайыпқа» жетуге мүмкіндік берді.

90-жылдары Қытай да қалыптасып, дамуға ұмтылды. Қытайда осындай аймақтар көп, олар көп функциялы және қызметтің нысандары мен салалары бойынша ерекшеленеді. Олардың жұмыс істеу мәселелері толығымен провинциялық деңгейге көшірілген. Қазіргі таңда Қытайдың осындай аумақтарында шамамен 45 мың кәсіпорындар (олардың жалпы санының 18%) бар және оларға 30 млрд доллар тікелей инвестициялар салынған. Соңғы онжылдықта аталмыш аймақтардың даму және қызмет етуінде орын алған белгілі бір басымдықтардың ауысуына назар аударылады. Егер бұрын экспорт өндірістерін дамыту басымдық болса, қазір оларға ХХІ ғасырда технологиялық серпіліс катализаторы рөлі беріледі. ЕЭА режимінде шағын аумақтық құрылымдар ғана емес, сонымен бірге елеулі нәтижелерге қол жеткізген «арнайы экономикалық аймақтар» (АЭА) да жұмыс істейді. Айта кету керек, Қытайдағы аймақтарға бөлу саясаты бәсекелестікке қабілетті аймақтық және өңіраралық кластерлерді қалыптастыру идеологиясымен толығымен сәйкес келеді.

Мұндай бағыттарға мыналар жатады:

- аймақтық артықшылықтарды пайдалана отырып, өндірістік инфрақұрылымды жетілдіру;

- инвестициялық ахуалды жақсарту және капитал сыйымды және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту, әлемдік нарықта аймақтар аумағында өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шетелдік инвесторлармен ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестік құру;

- аймақтарды дамыту арқылы қол жеткізетін мультипликативтік әсермен қамтамасыз ету, олар тек сол аумақтар мен олардың орналасқан жерлерін дамытуды ынталандырып қана қоймай, сондай-ақ озық технологиялар мен арнайы білімнің іргелес аумақтарға берілуіне ықпал етуі тиіс.

Елдердің ЕЭА құру тәжірибесіне көз жүгірте отырып, әрбір елдің өзіне тән ЕЭА құру критерийлері бар екендігін айта аламыз (кесте 1).

ЕЭА-ның екі шешуші ерекшеліктерін атап өткен жөн. Біріншіден, әрбір осындай аймақ үшін, бүкіл елмен салыстырғанда, оның аумағында өндірілген қажетті және қосымша өнімдерді өндіру және тарату саласындағы нақты экономикалық қатынастар тән. Екіншіден, ЕЭА-ның диффузиялық кеңеюге және шаруашылық сфераларын, салалар мен аумақтарды тікелей немесе жанама түрде байланыстыратын өз шектерін басқаларға тарату мүмкіндігі.

Біз ЕЭА-дың экономикалық процестерге мемлекеттің араласу ауқымын іріктімелі қысқарту құралы деген тұжырымдамамен сөзсіз келісеміз. Мұндай тұжырымдама шаруашылық жүргізудің преференциялық тәртібі іс-әрекеттерімен байланысты әртүрлі институционалдық құбылыстардың кең ауқымын қамтиды. Бұл ретте ЕЭА географиялық аумақ емес, басқа оның бөліктерінде пайдаланылмайтын белгілі бір жеңілдіктер мен ынталандырулар қолданылатын ұлттық экономикалық кеңістік бөлігі ретінде айқындалады [3].

Кесте 1 – Әлем елдеріндегі ЕЭА құру критерийлері

Ел	ЕЭА мәнін көрсететін критерийлер
Дамыған елдер	
АҚШ	- еркін кәсіпкерліктің басымдылығы; - өндірісте ғылыми сыйымды, техникалық инновациялық өнімдерді өндіруге мамандануы
Лихтенштейн	- меганарықтарда сақтандыру операцияларын жүзеге асыру;
Швейцария	- меганарықтарда банктік операцияларды жүзеге асыру;
Дамушы елдер	
Оңтүстік Корея	- шетелдік инвестицияларды тарту; - экспорто-бағдарланған еңбек сыйымды салаларды дамыту.
ОША елдері	- жеке өңірлерді индустриялық дамыту; - ғылыми сыйымды өнім өндіру; - жергілікті ресурстарды, яғни адам ресурстарын пайдалану.
Латын Америкасының жекеленген елдері	- жеке өңірлерді индустриялық дамыту; - деликатестік пен экзотикалық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру; - жергілікті ресурстарды, яғни адам ресурстарын пайдалану.
Орталық-Шығыс Еуропа елдері	
Болгария	- жаңа экономикалық механизм құру; - депрессивті аймақтарды дамыту; - елдің ауыл шаруашылығында нарықтық қатынастарды үдемелі дамыту.
Венгрия	- шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру; - еркін бәсекелестік аралдары сияқты аймақтардың экстерриториалдылығы; - шетелдік инвестицияларды тарту.
Польша	- шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру; - шетелдік инвестицияларды тарту; - экспорт-импорт әлеуетін жандандыру; - көлік-қойма инфрақұрылымын құру.
Югославия	- шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру; - шетелдік инвестицияларды тарту; - экспорт-импорт әлеуетін жандандыру; - порттарда көлік-қойма инфрақұрылымын дамыту.
Посткөпенестік кеністіктегі елдер	
Латвия	- шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру; - шетелдік инвестицияларды тарту; - экспорт-импорт әлеуетін жандандыру; - порттарда көлік-қойма инфрақұрылымын дамыту.
Ресей	- депрессивті аудандарды дамыту
	- шетелдік инвестицияларды тарту; - шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру.
	- өсу нүктелерін қалыптастыру; - бәсекенің нарықтық механизмін қалыптастыру; - ғылыми сыйымды салаларды дамыту; - шетелдік инвестицияларды тарту.
Беларусь	- шетелдік инвестицияларды тарту; - шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін дамыту; - еңбек сыйымды және жоғары технологиялық өндірістер қалыптастыру.
Қырғызстан	- шетелдік инвестицияларды тарту; - шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін құру; - артта қалған аймақтарды дамыту.
Украина	- депрессивті аудандарды дамыту; - шетелдік инвестицияларды тарту; - шаруашылық жүргізудің нарықтық механизмін қалыптастыру.
Қазақстан	- шетелдік инвестицияларды тарту; - экспорттаушыларға сервистік қолдау көрсету арқылы қазақстандық өнімдер экспортын дамытуға және жылжытуға жәрдемдесу; - депрессивті аудандарды дамыту.
ҚХР	- экономикалық еркін нарықты дамыту; - жекелеген өңірлердің мамандандырылған дамуы; - шетелдік инвестицияларды және қытай диаспорасының қаражатын тарту.

Яғни, біздің тұжырымдама былай болуы керек: еркін (арнайы) экономикалық аймақтар, біздің ойымша, жергілікті және шетелдік кәсіпкерлер үшін жаңа технологиялар негізінде жоғары сапалы тауар өнімдерін шығаруға қабілетті экономиканың басым секторларын құруға мүмкіндік беретін ынталандыру жеңілдіктері жүйесі құрылатын ұлттық экономикалық кеңістіктің бөлігі. Сонымен бірге, аймақтың іскерлік өмірі нарықтық қатынастарды мемлекеттің жартылай реттеуші рөлімен реттейді де, оның негізін жергілікті және орталық билік органдары арасындағы басқарудың өзара байланысы құрауы тиіс. Сонымен бірге, сол және басқа тарапқа ұйымдастырушылық және қаржылық қызмет жағдайларын сақтандыру негізінде мүдделерді қорғауды көздейтін шаруашылық жүргізу тәуекелдерін ескеру қажет.

Бұл анықтама ЕЭА-ның орнын, шарттарын, міндеттері мен басқару механизмін қарапайым және айқын көрсетеді, ең жаңа технологияларды қолданатын және экспорт өнімдерін шығаратын ЕЭА-ның мәні мен негізгі, ең озық түрлерінің мақсатын анықтайды. Мұндай аймақтар дайын бұйымдардың өндірісін де, сатылуын да үйлестіреді. Түскен валюта кеңейтілген ұдайы өндірістің, жұмыс орындарын ұлғайту мен ЕЭА жұмыс істейтін аумақ өңірінің экономикалық әлеуетін күшейту көзі болып табылады.

Еркін экономикалық аймақ типтеріне қысқаша сипаттама бере отырып, олардың эволюциялық дамуы арқылы пайда болу, қалыптасу, қызмет етуін қамтамасыз ету алгоритмін пайдаланатын боламыз.

Мемлекеттердің сыртқы экономикалық қатынастарында еркін сауда аймақтары (*The zones of the free trade*) ерекше орынға ие. Олардың қызметін тауар айналымын жеделдетіп, сыртқы сауданы ынталандыру қызметімен айналысатын «коммерциялық орталықтармен» салыстыруға болады. Ең ежелгі еркін сауда аймақтары – XIX ғасырда еркін қалаларда құрылған немістің Гамбург және Бремен болып саналады. АҚШ-тағы еркін экономикалық аймақта 60 жылдан астам уақыт қызмет етіп келеді. Еркін сауда

аймақтары (ЕСА) мемлекеттердің кедендік ұлттық кеңістігінен тыс қарастырылатын шектеулі аумақтар болып табылады. Мұндай аймақтардың еркіндігі деп тауарларды кедендік баждар, импортқа салынатын салық және басқа да қаржылық бақылау түрлерінен босатуды айтамыз. Еркін сауда аймағына әкелінетін тауарлық өнімдер мағлұмданбайды, алайда кеден әкімшілігі контрабандалық және тыйым салынған тауарлардың алдын алу мақсатында аймақ ішінде бақылауды ұйымдастыруға құқылы.

ЕСА – бұл ұлттық кеден аумағының бақылауынан тысқары жерлердегі және елдегі ішкі өткізу нарығының шарттарына сәйкес (орау, таңбалау, сапаны бақылау, қарапайым түзеу және т.б.) әкелінетін тауарларды қоймалау және өңдеу бойынша операцияларға маманданған шағын аумақтық ұйымдар. Кейбір жағдайларда ЕСА-да жергілікті және шетелдік бөлшектерден бұйым жинаумен де, жекеленген өнім түрлерін шығарумен де айналысады.

ЕСА қызметі мен функционалдық ерекшеліктері: транзиттік еркін порттар; еркін кеден аймақтары; сауда-өндірістік аймақтар деп бөлінеді.

Еркін сауда аймақтары экспортты кеңейту және шетелдік инвестицияларды көтермелеу, сондай-ақ өңірлер мен елдердің экономикалық дамуын ынталандыру мүддесінде құрылған. Тәжірибе көрсеткендей, ЕСА халықаралық сауда мен инвестициялық саясатта маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттің де, өңірлердің де сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асырудың қолайлы механизмі экспорттық-өндірістік аймақтар (*ЭӨА*) (*The export-production zones*) болып табылады. Еркін экономикалық аймақтардың бұл типін біз атап өткен ғалымдар Марк Фразье мен Ричард Рэн эволюциялық дамудың екінші кезеңінде қалыптасқан аймақтарға жағқызады. Олардың айтуынша, ЭӨА қызметінің 75% әлемдегі киім-кешек пен электроника шығаратын фирмаларға тиесілі. Олар сондай-ақ ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу, жиһаз жасау, аяқ киім тігу, спорт, тұрмыстық тауарлар мен фармацевтика өндірісін жүргізеді. Бұл зона типін «экспорттық қайта өңдеу аймағы»

немесе «арнайы экспорт көтермелеу аймағы» деп те атайды. Олар, әдетте, халықаралық порттардың маңында орналасқан ұлттық кеден аумағы шеңберіндегі анклавтар болып табылады. ЭӨА дамыған елдердің экономикалық даму стратегиясының өзгеруіне жауап ретінде пайда болады: импорт алмастырудан экспортқа бағдарланған өсуге көшу. Бұл стратегияда экспорттық өндіріске тартылған шетелдік инвестициялардың дәрежесі аз болмауы керек.

Нәтижесінде, көптеген мемлекеттердің үкіметі шетелдік инвесторларды жалға алынған жер мен инфрақұрылымға тағайындалған төмен тарифтер, кедендік баждарды қысқарту немесе тіпті толық жою, бірнеше жыл табыс салығынан босату, мемлекеттен жеңілдікті несиелер алу, пайданы шексіз аудару құқығы, ағымдағы бағам бойынша шетелдік валюта еркін сату-сатып алуды қоса алғанда, бірқатар жеңілдіктермен ынталандырды. ЭӨА кәсіпкерлері жергілікті шикізатты пайдаланып, қабылдаушы елдің ішкі нарығына арналған тауарлар дайындауы үшін де елеулі ынталандырылып отырды. Жеделдетілген амортизацияның қолданылатын әдісі инвесторларды жабдықты қысқа мерзімде есептен шығаруға мүмкіндік береді: бір елдерде фирманың қызмет етуінің бірінші жылында-ақ жасалса, кейбіреулерінде 2-3 жыл ішінде.

Арзан жұмыс күшінің бәсекелік артықшылықтарын қолдау үшін ЭӨА-да әдетте еңбек қатынастарын реттеудің арнайы режимін енгізеді (кәсіподақтардың қызметіне тыйым салу, кәсіпкерлерді әлеуметтік сақтандыру қорларына жарналар төлеуден босату және т.б.).

Көптеген мемлекеттердің билік органдары ЭӨА-дағы экономиканың басым секторларының дамуын қамтамасыз етті, сондай-ақ депрессивті өңірлердегі шаруашылық өмірді елеулі түрде белсендіріп, бүкіл ұлттық экономикаға айтарлықтай ықпал ете алды. Аталмыш факт мұндай аймақтар қызметінің нәтижесі болып табылады. Мәселен, соғыстан кейінгі Еуропада «Шеннон» экспорттық-өндірістік аймағын бірінші болып құрған – Ирландия. Бұл елді «еуропа жолбарысы» деп атайды,

ЖІӨ-нің жылдық өсімі 6,5-7,2% жетеді. Бұл – Еуропадағы ең жоғары экономикалық өсім. 2000-нан астам неміс, американдық және британдық фирмалар Ирландияның экономикасын көтереді және берілген жеңілдіктерді пайдалана отырып, өз пайдасын алады.

Экспорттық-өндіріс аймақтарының, тіпті аймақтың атауында көрініс табатын ұлттық және аймақтық сипаттамалары бар: Ұлыбританияда, мысалы, кәсіпкерлік аймақтар деп аталады, Қытайда – арнайы, экономикалық, АҚШ-та – еркін кәсіпкерлік аймақтарында және т.б. Дегенмен, ЭӨА табиғаты, олардың құрылымы мен экспорттық бағыттылығы өзгермейді. Олардың барлығы атауына қарамай, «Шэннон» экспорттық-өндіріс аймағының тәжірибесін пайдаланып, ұлттық экономикаларды дамыту генераторы болып табылады. «Шэннон» еркін экономикалық аймақтар тарихындағы негізгі кезең болды. Содан бері аналитиктердің пайымдауынша, ЭӨА айтарлықтай табысқа кенеліп, әлем бойынша тарала бастады. Әлемдік экономикалық жүйе «капиллярлыққа» ие, оған сәйкес экономикалық өмірдің барлық жетістіктері белсенді түрде таралады [4]. ЭӨА тиімділігі бірқатар компоненттермен: қабылдаушы елдің инвестициялық саясатының белсенділігі, географиялық орналасуы, инфрақұрылымдық жағдайы, экономикалық және саяси тұрақтылығы, ішкі және сыртқы нарықтар конъюктурасының қызметімен байланысты.

Осындай ЕЭА типі Қазақстан үшін неғұрлым тиімді деген ой келеді. Дегенмен, қазақстандық ЕЭА біраз бөліктері өңір аумақтарының мамандануы мен салалардың дамуына орай салалық тұрғыда бағдарланған.

Кешенді аймақтар (*The complex zones*). Әлемдік тәжірибе, басымдықтың біртіндеп бірден бірнеше міндеттер жүктелетін, бірнеше функцияларды біріктіретін кешенді ЕЭА құру жағына өзгергенін көрсетуде. Бұл аймақтар да жоғарыда айтылған аймақ типтерінің барлық ерекшеліктеріне ие. Еркін аймақтардың эволюциялық даму қисынын ескере отырып, кешенді аймақтардың –

қазіргі заманғы нысандар екендігін айта кеткен жөн. Олар аймақтардағы инвесторлардың кешенді және көп қырлы белсенділігін қалыптастыратын сауда, кеден, өндірістік және ғылыми қызметтерді біріктіреді. Кешенді аймақтар бірлескен кәсіпкерлікті көздейді. Мұндай кәсіпкерлік аймақтар 80-ші жылдардың соңынан бері АҚШ-та, Ұлыбританияда және т.б. ашыла бастады. Бұл көпсалалы мақсаттағы аймақтар. Бұрын қытай аймақтарының көп функционалдығын атап өтсек, сол аймақ болып «Шэньчжэнь» табылады. Оның аумағы 327,5 шаршы метрді құрайды. Онда 5 әкімшілік, 4 өнеркәсіптік аудандар құрылған, үш айлақ, электр станциясы, сумен жабдықтау нысандары, тұрғын үй кешендері, сауда орталығы, туристік, мәдени және оқу орталықтары салынған. Аймақ экономикасына соңғы 14 жылда 120 млрд юань салынған, оның 20% 10 мыңнан аса бірлескен кәсіпорындар құрған әлемнің 80-нен астам елінің инвесторлары салған. Бұл аймақта шетелдік банктердің және қаржы ұйымдарының өкілдіктерінің 30 бөлімшелері бар. «Шэньчжэнь» кешендік аймағы аумағында әлемнің 20-дан астам елдерінің өткізу базалары мен 100-ден астам өндірістік кәсіпорындары бар. Нәтижесінде Қытайдың ішкі аудандарының экономикасы мен олардың өнімдерін шетел нарықтарына шығару арасындағы үйлестіруші түйін болды [4]. Сарапшылар сонымен қатар, бразилиялық «Манаус» аймағын да атап өтеді. Ол 1967 жылдан бері Бразилияның Амазониясынан ауданы 3,6 млн км «Манаус» өнеркәсіптік еркін аймақ округіне» бөлінген уақыттан бастап жұмыс істеуде. Содан бері біртіндеп бірегей шаруашылық кешені қалыптасуда, онда 30 сала бойынша 80 мың адам жұмыспен қамтылған 600 өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыс істейді.

Кешенді аймақтардың түрлері де бар. Мәселен, депрессивті аудандарда орналасқан «кәсіпкерлік аймақтар», олар мысалы, Ұлыбританияның көмір бассейндерінде орналасқан – Йоркшир және Мидленд. Кәсіпкерлік аймақ, әдетте, жеке кәсіпкерлерге қаржылық және несиелік және салықтық жеңілдіктер беру арқылы экономикалық жағынан артта қалған аймақтардағы эко-

номикалық белсенділікті жандандыруға бағытталған. 80-жылдардың соңынан бастап осындай кәсіпкерлік құрылымдар Құрама Штаттарда белсенді түрде құрыла бастады. Енді осы елде қаржылық несиелік және салықтық жеңілдіктер жағдайында жұмыс істейтін 60-тан астам кәсіпкерлік аймақ бар. Олардың көпшілігі ұзақ уақыт бойы экономикалық құлдырау мен өспелі жұмыссыздықты бастан өткерген аудандарда құрылған. Осы аймақтардың жеңілдіктері, олардың деңгейі жұмыссыздар пайдасына ұсынылатын жұмыс орындарының санына тікелей байланысты. Жұмыссыз жергілікті тұрғындар үшін әрбір жана жұмыс орны үшін аймақ кәсіпкерлері 500 доллар салық жеңілдігін алады. Депрессивті аудандарда жұмыссыз американдықтар үшін құрылған әрбір 200 жана жұмыс орны үшін аймақтың кәсіпорындары 5 пайыздық энергия тасымалдауыштарды сату мен пайдалану салығынан босатылады [5].

Еркін ғылыми-техникалық аймақтар (*The free scientific-technical zones*). Ғылыми-техникалық құрылымдар – еркін аймақтардың жаңа типтері. Олардың қалыптасуы мен дамуы ғылыми-техникалық революцияға байланысты. Индустриалды дамыған елдерде мұндай аймақтар университеттер мен ғылыми зертханалардан инновациялық өндірістерге ғылыми «ноу-хау» берудің перспективалық механизмі болып саналады

Еркін ғылыми-техникалық аймақтарды технополис немесе технопарктер деп атайды. Технологиялық парктер дегеніміз кәсіпкерлік субъектілерін заманауи бәсекеге қабілетті өнім өндіруге және қазіргі заманғы әлемдік нарық талаптарына сай жаңа технологияларды қолдануға қажетті жағдайлармен қамтамасыз ете алатын өндірістік нысандар мен қызмет көрсету нысандарының кешені болып табылады.

Қызмет сипаты мен түпкілікті нәтижесі бойынша технопарктер ғылыми (қызмет нәтижесі – іргелі зерттеулердің нәтижелері), ғылыми-зерттеу (өнімі – ҒЗТКЖ, прототиптер, өнімнің шағын сериясы), ғылыми-техникалық және технологиялық (зерттеу және зерттемелер, жоғары технологияларды пайдалана отырып, ғылыми сыйымды өнім өндіру) болуы мүмкін.

Технопарктердің преференцияларының ерекшеліктері, мысалы, экспорттық-өндірістік аймақтармен салыстырғанда ерекшеленеді, мұнда шағын венчурлық бизнесті ынталандыруға көп көңіл бөлінеді. Салық, кеден, несиелік жеңілдіктер фирмалардың қызметін бастапқы, ең қауіпті кезеңдерінде жеңілдетуге арналған. Компанияларды тіркеудің арнайы жеңілдетілген процедуралары енгізіліп, шағын фирмалардың ұйымдастыру мәселелерімен айналысатын әкімшілік құрылымдар құрылды. Ірі капиталдың сырттан келуі, технопарктерде көптеген шағын фирмалардың ынтасын қаржыландыратын инвестициялық қорлардың құрылуы жаппай индустриялық игеру мақсатында технологиялық әзірлемелерді тиімді беруге мүмкіндік беру үшін арналған. Жеңілдікті шарттарда фирма қызметкерлері жетекші ғалымдардың консультацияларымен, жабдықтармен, жоғары оқу орындарының кітапханалық қорларымен қамтамасыз етіледі. Университеттер бірлескен коммерциялық жобаларға қатыса отырып, елеулі табыс көзіне, студент-түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін қаражатқа ие болады. Бұл аймақтарда ғылыми қызметкерлерге барынша қолайлы өмір сүру жағдайы қарастырылады. Іс жүзінде ғылымның өндіріспен ынтымақтастығы жүзеге асырылады.

Ғылыми-техникалық парк мемлекеттік және ландшафттық безендірумен байланысты парк сипатына ие болатын кәсіпорындардың заманауи технологияларына бағдарланған аумақтық (әдетте, субаймақтық) шоғырлануы болып табылады. Технологиялық парк тек өндіріс пен ғылыми зерттеулердің орны ғана емес, сондай-ақ қызметкерлердің өмір сүру орны (тіршілік пен жұмыс бірлігі, «қысқа жолдар» тұжырымдамасы) болуы тиіс. Технологиялық паркке жұмсалған уақыт көп жағдайда шектеусіз болады.

Халықаралық аймақтар (*The international zones*). Аймақтың бұл типі салыстырмалы түрде таяуда пайда болды. Бұдан бұрын көршілес елдердің аймақтық экономикалық ынтымақтастығы құрылған болатын. Әлемдік экономикада жаһандану процесімен қатар оны аймақтандыру процес-

інің орын алып жатқанын атап өтпеуге болмас. Аймақтық экономикалық құрылымдар құру үрдісі қазіргі әлемдік шаруашылық жүргізу жүйесінің басым сипаты болып табылады. Еуропалық Одақ халықаралық экономикалық аймақ ретінде өзінің кеңею процесін бастауда және болашақта оған Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің өтпелі экономикасы қосылады деп күтілуде.

Осылайша, жаһандану процесімен қатар жүретін аймақтық интеграция еркін экономикалық аймақтарды қалыптастыру механизміне жаңа мазмұнды енгізеді: ЕЭА ұлттық мемлекеттің экономикасынан тыс шығып, халықаралық болады. Мұндай халықаралық аймақтар баяу қалыптасып, дамиды. Олар өзінің ұзақ және кезең-кезеңдік қалыптасу және даму жолын өткереді. Бұл, әсіресе, Боливия, Венесуэла, Колумбия, Перу және Эквадорды қамтитын Анд мемлекеттер тобы жағдайында айқын көрінеді.

Шекара маңы (өңірлік) аймақтары (*The border (regional) zones*). Еуропада Еркін экономикалық аймақтардың нақты модельдерін жаңартатын жаңа интеграциялық процестер пайда болды. Бұл жерде сөз ішкіеуропалық мемлекетаралық шекаралардың ашықтығын қамтамасыз ететін және жергілікті экономикалық байланыстарды жандандырадтын шекара маңы ынтымақтастығы туралы болмақ. Шекара маңы ынтымақтастығын дамытудың маңызды нысаны Еуроаймақтар болып табылады, олардың Еуропада 50-ден астамы бар. Өңірлік және жергілікті деңгейдегі елдер арасындағы халықаралық қатынастарды реттейтін құжат 1980 жылғы 21 мамырда Мадридте қабылданған Траншекаралық ынтымақтастық жөніндегі Еуропалық шекті конвенциясы болып табылады. Осы құжаттың бірінші бөліміне сәйкес, ынтымақтастықтың белсенді субъектілері болып жергілікті өзін-өзі басқару және жергілікті мемлекеттік әкімшілік органдары болып табылады. Екінші бөлімде былай делінген: «Бұл ынтымақтастық ішкі заңнама аясында жүзеге асырылады, оған байланысты ешбір ел өз тәуелсіздігін жоғалтпайады».

Осылайша, ЕЭА типтерін қарастыра және қорытынды жасай отырып, біз олардың функционалдық мүмкіндіктерін келесідей көрсете аламыз (кесте 2).

Кесте 2 – ЕЭА функционалдық мақсаттарына сәйкес әртүрлілігі

<i>Сауда аймақтары</i>	<i>Өнеркәсіптік-өндірістік (экспорт-өндіру) аймақтары</i>	<i>Техникалық-өндіру (ғылыми-өнеркәсіптік) парктар</i>	<i>Сервистік (офшор орталықтары)</i>
Еркін сауда аймақтары	Экспорттық-өндірістік аймақтар	Технологиялық аймақтар	Еркін банк аймақтары
Ішкі сауда аймақтары		Өндірістік парктар	
Шекара маңы сауда аймақтары	Импорталмастыру аймақтары	Технопарктар	Еркін сақтандыру аймақтары
Бажсыз сауда дүкендері		Технополистер	Рекреациялық-туристік аймақтар
Еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалар	Экспорттық-импорттық аймақтар	Инновациялық орталықтар және аймақтардың басқа түрлері	Оффшорлық аймақтар
Кешенді ЕЭА		Халықаралық ЕЭА	
Еркін кәсіпкерлік аймақтары (Батыс Еуропа, Канада)		Еркін әлемдік сауда аймағы (ЕАСТ, НАФТА)	
Арнайы экономикалық аудандар мен жағалаудағы қалалар (Қытай)		Кеден одағы (Араб ортақ нарығы, ЕАЭО)	
Ақпарат өңдеу аймақтары (Ямайка)		Ортақ нарық (МЕРКОСУР, Анд ортақ нарығы)	
Ерекше экономикалық аймақтар (Ресей)		Толық экономикалық одақ (Бенилюкс, Еуроодақ)	

Қорытынды

Бірқатар ЕЭА сипаттай отырып, біз әлемдік экономиканың тәжірибесінде орын алатын негізгі және типтік құрылымдарды қарастырдық. ЕЭА құрудағы шетелдік тәжірибені зерттеу олардың қалыпты жұмыс істеуі үшін салықтық жеңілдіктер мен шетелдік инвестицияларды сақтандыру тетігін қамтамасыз ету маңызды міндет екенін көрсетеді. Сондықтан, Қазақстан аумағында аймақтарды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның ажырамас бөлігі – әртүрлі тәуекелдерден қазақстандық және шетелдік капитал салымдарын сақтандыру қажеттілігі. Сақтандыру сондай-ақ, осы аймақ аумағын дамытуға отандық және шетелдік кәсіпкерлер инвестиция салған капиталдың қол сұғылмауын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында ЕЭА ұйымдастыру мен дамытудың мемле-

кеттік бағдарламасының өзекті міндеті орталықта және орындарда аймақтарды басқарудың тиімді жүйесін құру болып табылады. Бір жағынан, бұл жүйе жергілікті аумақтардың шетелдік капиталды тартудағы қажеттіліктерін, жергілікті билік органдарының өздері басқаратын аумақтарды дамытуға, олардың әлемдік нарыққа сәтті шығуын қамтамасыз етуге деген қызығушылығын ескеруі керек. Екінші жағынан, аймақ аумақтары пайдасына қаржы ресурстарын ұсыну арқылы үкімет жергілікті деңгейде ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік деңгейдегі мүдделерді қамтамасыз етуге мүдделі. Яғни, инвесторға барлық ұйымдастырушылық мәселелермен айналысу кезінде тиімді құрал табуға арналған мұндай өзара байланыстар теңгерімі қажет. Шешілмеген проблемалардың болуы, қаржылық жағдайдың тұрақсыздығы

Қазақстан Республикасы ЕЭА-ның жұмысын ұйымдастыру және басқару тетіктеріне елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Фразье М., Рэн Р. Возможности создания зоны свободного предпринимательства в Болгарии // Вопросы экономики. - 1991. - № 10. - С. 115-125
2. Чернова С.А. Проблемы развития особых экономических зон РФ с позиций формирования общего экономического пространства (ОЭП) с участием России // Наука. Инновации. Образование. Российский научно-исследовательский институт экономики, политики и права в научно-технической сфере. – 2007. 2007г.<http://sie-journal.ru/rules-design>;
3. Гумилевский А., Максимов В., Шишков А. СЭЗ: какими им быть? // Внешняя торговля. - 2003. - № 6. – С.2-4.
4. Шинкаренко А. Международное региональное сотрудничество как фактор развития приграничных районов // Внешняя торговля. – 1994. – № 11. – С. 10–13
5. Андрианов В. Специальные экономические зоны в мировой экономике // ЭКО. – 1997. – № 3. - С. 28 - 34.
6. Экономическая библиотека - <http://economy-lib.com/osobyie-ekonomicheskie-zony-kak-faktor-stimulirovaniya-razvitiya-regiona#ixzz5WAOqa2fS>

References

1. Frazee M., Ren, R. the possibility of creating a free enterprise zone in Bulgaria. // Economic issue. - 1991. - No. 10. - P. 115-125. (in Russian).
2. <http://sie-journal.ru/rules-design>; Chernova, S. A. problems of development of special economic zones of the Russian Federation from the standpoint of the formation of the common economic space (CES) involving Russia// Science. Innovations. Education.» - Russian research Institute of Economics, politics and law in the field of science and technology. №2, 2007. (in Russian).
3. Gumilevsky, A., Maximov V., Shishkov A. FEZ: what are they? // Foreign trade. - 2003. - No. 6. - S.2-4. (in Russian).
4. Shinkarenko A. International and regional cooperation as a factor of development of border areas // Foreign trade. – 1994. – No. 11. - P. 10-13. (in Russian).

5. Adrianov V. P. Special economic zones in the world economy// ECO. –М. - 1997. –S.28-34. (in Russian).

6. Ekonomicheskaya biblioteka - <http://economy-lib.com/osobyie-ekonomicheskie-zony-kak-faktor-stimulirovaniya-razvitiya-regiona#ixzz5WAOqa2fS>(in Russian).

Түйін

Мақала ЕЭА қалыптастыруға, оларды жіктеуге және олардың жұмыс істеу қажеттілігінің критерийлеріне арналған. Өз ізашарларының ұзақ даму жолын өзіне алған заманауи ЕЭА жаңа экспорттық-өндірістік мазмұнмен және іскерлік тәжірибемен толтырылды. Олардың құрылуы мен қалыптасуы ырықтандыруға және белсенді сыртқы экономикалық қызметке бағытталған. Мұндай аймақтардың экономикасы әлемдік нарыққа ашықтықтың жоғары дәрежесіне ие, ал кедендік және салықтық режимдер ұлттық және шетелдік инвестициялар үшін қолайлы. Халықаралық корпорациялар өзінің коммерциялық қызметі үшін қолайлы жағдайлар іздеуде ЕЭА-ны тиімді экономикалық құрылымдар ретінде қарастырады және өз қызметінің маңызды бағыттарын олармен байланыстырады. Проблеманы зерттеудің өзектілігі Қазақстандағы осы үдерістің үдемелі даму динамикасымен байланысты. ЕЭА-ны пайдалану қосылған құны жоғары ұлттық экономиканың стратегиялық маңызды салаларының жоғары технологиялық дайын өнім өндірісінің толық циклін қамтамасыз ете отырып, ұлттық экономиканы және Экспорттық-бағдарланған өндірісті дамыту үшін қолайлы мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тиіс. Қазіргі уақытта ЕЭА ХХІ ғ. басында әлемдік экономиканың салмақты факторына айналған және жаһандық тауар айналымын жеделдететін және сыртқы сауданы ынталандыратын өзіндік “коммерциялық орталықтар” болып табылатын феноменальды құрылымдар.

Түйін сөздер: еркін экономикалық аймақтар, сыртқы экономикалық қызмет, еркін экономикалық аймақтарды басқару.

Аннотация

Статья посвящена формированию СЭЗ, их классификации и критериям необходимости их функционирования. Обосновано, что современные СЭЗ, впитавшие в себя долгий путь развития своих предшественников, без сомнения, наполнились новейшим экспортно-производственным содержанием и деловым опытом. Их создание и становление направлено на либерализацию и активную внешнеэкономическую деятельность. Экономика таких зон имеет высокую степень открытости мировому рынку, а таможенный и налоговый режимы благоприятны для национальных и зарубежных инвестиций. Международные корпорации в поисках благоприятных условий для своей коммерческой деятельности рассматривают СЭЗ как прибыльные экономические структуры и связывают с ними важнейшие направления своей деятельности. Актуальность исследования проблемы связана с поступательной динамикой развития данного процесса в Казахстане. Использование СЭЗ должно обеспечить благоприятные возможности для развития национальной экономики и экспортно-ориентированного производства, обеспечивая полный цикл производства высокотехнологичной готовой продукции стратегически важных отраслей национальной экономики с высокой добавленной стоимостью. Отмечено, что на современный момент СЭЗ – это феноменальные формирования, которые в начале XXI в. превратились в весомый фактор мировой экономики и представляют собой своеобразные «коммерческие центры», ускоряющие глобальный товарооборот и стимулирующие внешнюю торговлю.

Ключевые слова: свободные экономические зоны, внешнеэкономическая деятельность, управление свободными экономическими зонами.

Abstract

The article is devoted to the formation of FEZs, their classification and criteria for the need for their functioning. It is proved that modern FEZs, absorbed a long way of development of their predecessors, no doubt, filled with the latest export-production content and business experience. Their creation and establishment is aimed at liberalization and active foreign economic activity. The economies of such zones are highly open to the world market, and customs and tax regimes are favourable to domestic and foreign investment. International corporations in search of favorable conditions for their commercial activities consider FEZs as profitable economic structures and associate with them the most important areas of their activities. The relevance of the study is associated with the progressive dynamics of this process in Kazakhstan. The use of FEZs should provide favorable opportunities for the development of the national economy and export-oriented production, providing a full cycle of production of high-tech finished products of strategically important sectors of the national economy with high added value. It is noted that at the present moment the FEZ is a phenomenal formation that in the beginning of XXI century became an important factor of the world economy and represent a kind of “commercial centers” that accelerate global trade and stimulating foreign trade.

Keywords: free economic zones, foreign economic activity, management of free economic zones.